

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу және маңызды стратегиялық мәні бар қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 275 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің Германия Федеративтік Республикасының Федералдық Канцлері Герхард Шредермен келіссөздер қорытындысы бойынша берген тапсырмасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Ганновер-2004 жәрмеңкесіне қатысуын және Германия Федеративтік Республикасындағы Қазақстан экономикасының күндерін (2004 жылғы 19-24 сәуір) өткізуді ұйымдастыру үшін 83839761 (сексен үш миллион сегіз жүз отыз тоғыз мың жеті жүз алпыс бір) теңге бөлінсін.

2. Маңызды стратегиялық мәні бар ретінде Қазақстан Республикасының Ганновер-2004 жәрмеңкесіне қатысуын және Германия Федеративтік Республикасындағы Қазақстан экономикасының күндерін өткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетуді беруші болып "Deutsche Messe AG" (Германия Федеративтік Республикасы) герман көрме қоғамы белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі